

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№106 (9168)

1953

ЖЫЛҒЫ

29

май

Жұма

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарысын кең өрістетейік

Газетіміздің 26 майдағы санында Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Республиканың ауыл шаруашылығында социалистік жарысты өрістетуге туралы» қаулысы және Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туларын тапсыру және алдыңғы қатарлыларды «Күрмет Тақталарына» енгізу шарттары жарияланды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен КП Орталық Комитеті өзінің бұл қаулысында жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдарын ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында ауыл шаруашылық дақыдарының шығымдылығын арттыру, малды көбейту және оның өнімділігін арттыру жоспарын толық және асыра орындауды, малды жемшөппен қамтамасыз етуді, еу шаруашылығы жұмыстарын жүргізуді, мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарларын орындауды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетуге жүргізуді міндеттеді және ондай социалистік жарысты ұйымдастыру мен өрістетудің нақтылы жолдарын көрсетіп берді.

«Социалистік жарыстың ұлы күші, — делінген партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жөніндегі директиваларында, — жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның бейбітшілік ісін қорғап қалуға біріккендігі ұмтылуы, еңбекшілердің коммунистік қоғам орнатуға берік бел байлауы — жаңа бесжылдықты орындауға және асыра орындауға бағытталуға тиіс».

Партиямыздың бұл шақыруын бүкіл совет адамдарымен бірге, облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері де асқан жігермен қарсы алып, оған лайықты істермен жауап беруде. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары мен МТС-тері быйылғы көктемгі өгіске тыңғылықты әзірленіп, оны жоспарлы мерзімде және сапалы өткізді. Ондай шаруашылықтар кезір пар жұртуды, егінді баптап күту, пішен жыйнау және егін жыйнау жұмыстарына әзірлікті кеңінен өрістетуде. Бұл жөнінде Ленин ауданындағы «Новый путь» ауыл шаруашылық артелінің (председателі И. Черняев жолдас) жұмысын мысалға алуға болады. Аталған колхоз егіннен мол өнім алудың жауапты кезеңі — өгіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленді, оны кезінде бастап, егісті дақылдың барлық түрінен мерзімінен бұрын сапалы аяқтады. Колхоз бұл күндері пар жұртуды жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Аталған ауыл шаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын өркендету күресін де қызу жүргізуде. Артель мүшелері жемшөп қорын мол жасау — мал шаруашылығын өркендетудің басты кепілі екендігін жете түсініп, шөп шабуға тыңғылықты әзірленді. Қолда бар шөп шабу машиналары мен құрал-саймандары толық жөнделіп, колхозда жемшөп дайындайтын арнаулы бригада ұйымдасты-

## Берік жемшөп қорын жасау — мемлекеттік маңызы зор іс

### Мал азығының берік қорын жасау жолында

Аманкелді атындағы ауыл шаруашылық артелінің (Совет ауданы) мүшелері бесінші бесжылдықтың үшінші жылында мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, быйыл мал азығының берік қорын жасау мақсатымен шөп шабуға әзірлік жұмыстарын қызу жүргізуде.

Колхозда шөп шабуға әзірлікті ойдағыдай жүргізу үшін керекті жағдайдың барлығы бар. Ұста дүкендері шөп шабатын машиналарды және басқа да құрал-саймандарды жөндеу үшін қажетті бөлшектермен жабдықталған. Сонымен қатар жөндеу жұмысына тәжірибесі мол ұсталарды бөлген. Осының нәтижесінде жөндеу жұмысының күндіз тапсырмасы үнемі артығымен орындалып келеді.

М. Жигун жолдас оңат ұсталардың бірінен саналады. Ол күндіз нормасын асыра орындауды, жөндеу жұмысының сапасын жақсартуды әдетке айналдырған. Оның жөндеген машиналары мен саймандары жыл сайын бүкіл маусымда сынып, бүлінбейді.

Бұл колхозда кезірің өзінде 2 шөп шабатын ат машинасы мен 3 ат тырнаушы жөнделіп болды. Колхозшылардың мақсаты — екі-үш күннің ішінде шөп шабатын, жыйнайтын машиналар мен басқа да саймандарды жөндеуді тез аяқтап, шөп шабуға ұйымдасқан түрде кірісу.

Қ. ӘЫЛОВ.

### Бір күнде 50 гектар жердің пішенін шапты

Быйыл Совет совхозының шабындық жерлерінің шөбі бітік өскен. Совхоздың № 1 бөлімшесінің коллективі қоғамдық малға құнарлы жемшөп дайындаудың тиімді шараларын қолдануда.

Бөлімшеде шөп шабуға әзірлік жұмыстарын

### Жемшөпті мол дайындау — мал басын көбейтудің кепілі

Облыс совхоздарында қоғамдық мал басы жылма-жыл көбейіп, оның өнімділігі арта түсуде. Мал басының барған сайын өсіп көбеюі, жемшөптің берік базасын жасауды қажет етеді. Өйткені, қоғамдық мал шаруашылығын партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қойылған міндеттер дәрежесінде өркендету әрбір совхозда жемшөптің мол қорын жасауға байланысты. Ал, жемшөптің жеткіліксіз дайындалуының мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруға үлкен нұқсан келтіретіндігі тәжірибеден көрініп жүр. Жемшөп аз дайындалған совхоздарда мал басының өсуі баяу, өнімділігі төмен болып отыр. Міндет — быйыл бұл сыяқты кемшіліктерге жол бермей, әрбір шаруашылықта мал азығының таусылмас мол қорын жасауды қамтамасыз етуде.

Жемшөпті мол дайындау үшін шөп шабу науқанына жақсы әзірленіп, оны барлық жағынан ұйымшылдықпен өткізу керек. Бұл міндетті орындауға облыс совхоздарында күш-мүмкіншілік мол. Совхоздар шөп шабуға, жыйнауға және оны үйін маялауға қажетті техникамен, еңбек ресурстарымен жеткілікті жабдықталған.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы совхоздары шөп шабуға тыңғылықты әзірленді. Мұндай совхоздардың қатарына Совет, Мамлют совхоздарын қосуға болады. Бұл совхоздар шөп шабуға толық әзірленіп, оған кірісті де. Алайда, қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің тұрақты қорын жасауға барлық жерде бірдей мұндай қамқорлық жоқ. Кейбір совхоздарда шөп шабуға әзірлік өте ұзаққа созылуда. Мәселен, Степной совхозында (директоры Зенов жолдас) шөп шабуға әзірлік өте-өте нашар. Мұнда соңғы

Жарыстың ең тамаша жері — оның өзі жұртың еңбекке көзқарасын мүлде өзгертеді, өйткені, ол бұрын қорлық және ауыр жүк болып есептеліп келген еңбекті, енді аброй әперетін, даңқ шығаратын, қаһарман және ер атандыратын іске айналдырып отыр.

И. СТАЛИН.

## Кино — еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды құралы

Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен еліміздің еңбекшілері социалистік Отанымызды онан әрі гүлдендіру жолында үнемі жаңа табыстарға жетуде. Совет адамдары Отанымыздың байлығы мен қуаттылығын, даңқын өздерінің күнбе-күнгі бейбіт еңбек майданындағы қол жеткен жеңістерімен арттыра түсуде. Сонымен қатар, олар біздің елімізде болып жатқан әрбір жаңалықты, еңбек майданындағы аса көрнекті табыстарды, мәдениет құрылымы саласындағы жетістіктерді социалистік Отанымызға деген шексіз зор мақтаныш сезімімен қарсы алады.

Еңбекшілердің мұндай тамаша табыстарға жетуіне саяси тәрбие жұмыстарының пәрменді жүргізілуінің, оның өскелең талаптарға сай болуының зор әсер ететіндігі сөзсіз. Кино — еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің аса маңызды құралдарының бірі.

Еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөнінде партияның XIX съезінде қабылданған директиваларда кино-театрлардың санын көбейтіп, киноустановкалардың санын, шамамен, 25 процент, сонымен бірге кинофильмдердің шығарылуын арттыру қарастырылып отыр. Олай болса, мұны туысқан Коммунистік партия мен совет үкіметінің совет адамдарын мәдениетті қамтуға жасап отырған аса зор қамқорлық деп білуіміз керек.

Советтік кино — бүкіл дүние жүзіндегі ең оңат кино. Өйткені, ол миллиондаған кино көрушілерге Совет Одағының алуан салалы бай, қызықты өмірін баяндайды, алдыңғы қатарлы, оңат жетістіктерді насихаттайды, жаңашылдардың тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдырады. Сондықтан да партия мен үкімет совет адамдарына кино көрсету ісін үнемі жақсарту беруге қамқорлық жасап, көмектесіп отырады.

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымызда да киноустановкалардың сәті жылдан-жылға ұлғайып келеді. Мұның өзі еңбекшілерді киномен қамту ісін бұрынғыдан да жақсартуға түсуге, еңбекшілерді көптен қамтуға мүмкіншілік туғызады. 1952 жылдың өзінде 165 мыңнан астам адамның киносеанстарға қатысуы мұны айқын дәлелдейді. Облысымыздың кино қызметкерлері қол жеткен табыстармен қанағаттанбай, социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындау жолына барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмсауда.

Олар өткен жылғы қол жеткен кейбір жетістіктерін баянды ету мақсатында үстіміздегі жылы да едәуір жұмыстар істеді. Әсіресе, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік және оны өткізу кезінде ауыл-селолық киноустановкалардың саны бұрынғысынан едәуір арттырылды. Егер сайлау науқаны кезінде бүкіл облысымызда 105 киноустановка жұмыс істесе, оның ішінде 98 киноустановка ауыл-село еңбекшілерін қамтыды. Сөйтін, олар облыс сайлаушыларына 4 мың

быйыл жол бермеу керек. Барлық жерде шөп шабылысымен жыйналып, маяға салынуға тиіс. Шөп шабу, жыйнау кезінде дайындалған мал азығын дұрыс есептеп кіріске алып отыру қажет. Бұл жұмыстарда үстірттікке, көзбояушылыққа, артық мәлімет берушілікке салынушылық сыяқты зиянды әдетке ешбір жол берілмейтін болуы керек.

Совхоздарда үстіміздегі жылы сүрленген шөп дайындау жұмыстары кең көлемде жүргізілмек. Оларда 7 мың гектар жерге сүрленетін дақылдар сөбілді. Сол сыяқты, жемістамырлы дақылдар себу өткен жылғыдан екі есе артық жүргізілді. Совхоз басшылары бұл дақылдарды дұрыс өсіріп, мезгілімен жыйнап алудың тиісті шараларын тыңғылықты жүргізе білуге тиіс. Өткен жылы Қарағанды, Приешім, Возвышен совхоздарында жемістамырлы дақылдар күтін баптаудың болмағандығынан өспеі қалды. Сондықтан быйыл мал азығының дақылдарды баптап күтуге жете назар аудару қажет. Ол үшін бұл жұмысқа күш-мүмкіншілік кезінде және жеткілікті бөлу керек.

Шөп сүрлеу аса маңызды жұмыс. Олай болса, шөп сүрлеуге, әсіресе, осы күннен тыңғылықты әзірлік жүргізу қажет. Сүрленетін шөпті шауып жыйнайтын, турайттын машиналарды мезгілімен жөндеп жабдықтау, малдың бағалы бұл азығын сақтайтын траншеяларды қазу, бұрынғы орларды жөндеу, тазалау жұмыстарын қызу жүргізу және мал азығын өңдеу жұмыстарын механикаландыруды дұрыс ұйымдастыру керек.

Шөп шабуға қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалану үшін, мал азығының берік қорын жасау үшін совхоздарда шөп шабу кезіндегі жұмыс жос-

рылды. Ол бригада қажетті көлікпен, құрал-сайманмен қамтамасыз етілді. Бригада жемшөп дайындау жұмысына кірісті де.

Социалистік жарыс облысымыздың егіс даласында стахановтық жұмыс әдісінің жаңа түрлерін шығарып, тамаша еңбек озаттарын өсірді. Демек, шаруашылығымыздың барлық саласында жаңа табыстарға жетуімізде социалистік жарыс орасан зор роль атқарып келеді. Жергілікті партия, совет ұйымдары социалистік жарыстың осы күшін облыс ауылшаруашылығы еңбекшілерінің алдында тұрған аса күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға пайдалана білулері керек.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары егіс жұмыстарын аяқтады дедік. Бұл — ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу күресінің бір кезеңі ғана. Ендігі жерде егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ету үшін кезекті агротехникалық шараларды мұлтіксіз жүзеге асыру қажет. Мұндай кезекті шаралардың бірі—барлық егіс алаңдарын баптап күту, ең алдымен арашөптерді отау жұмысын тыңғылықты ұйымдастыру болып табылады.

Сол сияқты, алдымыздағы жылы да егіннен мол өнім алудың басты шарттарының бірі —келесі жылдың егісі үшін жер дайындау. Бұл —әрбір колхоз, совхоздың пар жырту жұмысын тыңғылықты ұйымдастырып, бұл жөніндегі жоспардың толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету қажет деген сөз. Ал, облысымыздың Октябрь, Мамлют, Ленин және Соколов сияқты аудандарының көптеген колхоз, совхоздары пар жырту жұмысына әлі шындап кіріскен де жоқ.

Күннің жылы болып, жаңбырдың жиі жаууы нәтижесінде колхоз, совхоз шабындықтарында шөп мейлінше бітік өсті. Бұл жағдай жемшөп дайындауды тыңғылықты ұйымдастырған жерде қоғамдық малға қажетті азықты мейлінше мол дайындауға, сөйтіп, біржарым —екіжылдық жемшөп қорын жасауға мүмкіншілік туғызады. Алайда, облысымыздың колхоз, совхоздары мен МТС-терінде пішен шабуға өзіндік мүлде қанағаттанғысыз болып отырғандығын мойындауымыз керек. Бұл жұмыс, әсіресе, Октябрь ауданында мүлде бетімен жіберілген. Аталған ауданның МТС-тері қуатын кең алымды шөп машиналарын жөндеуге әлі күнге дейін шындап кіріскен жоқ десе де болады. Жемшөптің жеткілікті дайындалмауы салдарынан Октябрь ауданының бірқатар колхоздары өткен қыста жемшөптен тарығып шыққаны мәлім. Октябрь аудандық партия комитетінің секретары Кундеренко және аудандық Совет аткомінің председателі Мусин жолдастар өткен жылдың бұл қателіктерін қайталамау үшін, быйыл колхоз пішеншілері мен МТС механизаторлары арасында социалистік жарысты пәрменді ұйымдастырып, оларды қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөпті мол дайындау күресіне жұмылдыра білуге міндетті.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарысын пәрменді ұйымдастыруда аудандық партия комитеттеріне, МТС, совхоз және колхоз партия ұйымдарына күрделі міндеттер жүктеледі. Олар егіншілер, мал өсірушілер мен механизаторлар арасындағы социалистік жарыстың формальді ұйымдастырылуына жол бермей, әрбір колхозшының, МТС, совхоз қызметкерінің жарыста алған міндеттемесін аброймен орындап шығуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл үшін аудандар, колхоз, совхоздар мен МТС-тер, бөлімшелер мен бригадалар, фермалар мен жеке адамдар арасындағы социалистік жарыстың орындауды үнемі тексеріліп, олардың қорытындылары кезінде әйгіленуге, жарыс озаттары қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар және көрсеткіш тақталары арқылы әйгіленіп отыруға тиіс. Сол сияқты, жарысты ұйымдастырудағы кемшіліктер кезінде әшкереленіп, оны жоюдың шаралары белгіленуге тиіс.

Социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыруда ауыл-село үгітшілері көп жұмыстар атқара алады. Олар өздерінің егіншілер, мал өсірушілер мен механизаторлар арасындағы әңгімелерін тиісті шаруашылықтың алдында тұрған міндеттермен ұштастыра жүргізуге, озаттардың тәжірибелерін насихаттап, жұмыста кездескен кемшіліктерді сынап отыруға тиіс.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыру облыс ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерді табысты орындауға жеткізеді. Олай болса, егіншілер, мал өсірушілер мен механизаторлар арасындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!

қолға алынды да, ол мезгілінде аяқталды. Шөп машиналары мен тырнауыштар шөп иркіштер толық және сапалы жөндеуден өтті. Шөп жыйнайтын, шөп шабатын машиналар жүргізушілермен жеткілікті қамтамасыз етілген.

Бұл бөлімше шөп шабуға ауданда бірінші болып кірісті. Машинистер шөп шабуға өнімді еңбек етіп жүр. Олардың әрқайсысы машиналарын толық қуатымен жұмысқа қосудың нәтижесінде сменалық тапсырманы алғашқы күннен бастап табысты орындауға жетісті. Шөп шабуға машинист Лариниста жолдас стахановтық еңбектің үлгісін көрсетуде. Ол өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасымен бірінші күні жарты сменада 20 гектар жердің пішенін шапса, келесі сменада 50 гектар жердің пішенін шапты.

Бөлімшеде шөп шабу басталған күннің ертеңінде пішенді жыйнау, шөмелеу жұмыстары қызу қолға алынды.

**Б. ЖАҚЫШОВ.**  
(Өз тілшіміз).

## Тракторлардың жағар, жанар майларын көптеп үнемдейік

☆  
**К. ОТТ.**  
**Интернационал МТС-нің**  
**бас бухгалтері**

☆

Интернационал МТС-нің Могунов және Аксенов жолдастар басқарған трактор бригадалары ауылшаруашылық жұмыстарын жылма-жыл табысты атқаруда. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларын мінсіз орындау жолындағы күреске ұштаса отырып, бұл бригадалардың әрқайсысы быйыл трактор жұмыстарының түсер құнын 10 процентке дейін кемітуге, машиналарды жөндеуге қажетті материалды, жанар, жағар майларын үнемдеп жұмсауға міндеттенген еді. Оның ішінде Аксенов жолдас басқарған трактор бригадасы 9502 килограмм, Могунов жолдас басқарған бригада 4571 килограмм жанар, жағар майын үнемдеуге серт берген болатын.

Аталған бригадалар егістің алғашқы күндерінен бастап, тракторларды толық қуатымен жұмысқа қосу нәтижесінде алған көтеріңкі міндеттемелерін ойдағыдай орындауға жетісті. Егіс кезінде Могунов жолдас басқарған бригадада 899, Аксенов жолдас басқарған бригадада 814 килограмм жанар, жағар майы үнемделді. Бұл күндері бригада механизаторлары үнемделген жанар, жағар майымен жұмыс істеуде. Тракторлардың жұмыс өнімділігін арттыру нәтижесінде Аксенов жолдастың бригадасы егіс жоспарын 10 майда толық орындап шықты. Могунов жолдастың бригадасы да егіс жұмыстарын барлық жағынан табысты аяқтады.

Алайда, тракторлардың қуатын тиімді пайдалану, олардың істейтін жұмыстарының түсер құнын кеміту ісі МТС-тің барлық бригадаларында ойдағыдай ұйымдастырылған деуге болмайды. Бірқатар трактор отрядтарының бригадирлері бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Істің жайы МТС-тің Жданов атындағы колхозда жұмыс істейтін И. Харьковский

оннан біріндейі ғана жөндеуден өткен. Ал, шөп жыйнайтын машиналарды және басқа да құрал-саймандарды жөндеу тіпті басталған да жоқ. Октябрь, Преснов совхоздарында да шөп шабуға өзіндік бетімен жіберілген. Мұнда техниканы шөп шабуға әзірлеу ісі төзгісіз ұзаққа созылуда. Шөп машиналарын жөндеуді тез аяқтап, оларды шөп шабу науқанының бірінші күндерінен бастап толық қуатымен жұмысқа қосу қажет.

Шабылған шөп әлі дайындалған мал азығы емес. Маңызды жұмыстың бірі — шабылған шөпті мезгілімен жыйнап, сапалы күйінде маяға салу болып табылады. Өткен жылы Тоқшын, Октябрь, Қызыл совхоздарында шөп шабу мен шөп жыйнау, маялау жұмыстары арасында үлкен алшақтыққа жол берілді. Бұларда шабылған шөптің 40 проценттейі мезгілімен жыйналып маялабағандықтан азықтық сапасын жойды. Мұндай фактілерге

пары ұқыпты жасалып, бекітілуге тиіс. Сөйтіп, мал азығын дайындау науқанын бірінші күндерден бастап табысты жүргізуге, шөп шабуға, жыйнауға әрбір машинистің, әрбір пішеншінің күндік норманы орындауына жетісу қажет.

Совхоз басшыларының негізгі бір міндеті —шабылған шөпті қоралар жанына тасуды дұрыс ұйымдастыру болып саналады. Бұл жұмысқа арнаулы күш-көлік бөлініп, ол тиімді пайдаланылуға тиіс.

Облыс совхоздары директорларының кәзіргі негізгі міндеттерінің бірі сол — барлық күш- мүмкіншілікті сарқа пайдалана отырып, шөп шабуға ұйымшылдықпен кірісуді, үстіміздегі жылы қоғамдық мал үшін жемшөптің тұрақты мол қорын жасауды қамтамасыз ету. Бұл міндетке немқетті қарауға болмайды.

**В. БОЙЧЕНКО,**

**ҚКП облыстық комитетінің совхоздар секторының меңгерушісі.**

мыстардың түсер құнын кеміту ісіне үлкен зиян келтіреді. Трактор бөлшектерінің әлсін-әлсін сынып, жөндеу беруі, жанар, жағар майдың бейберекет жұмсалудан МТС ақшадай көп зиян табады. Осыған байланысты МТС басшылары тракторлардың қуатын тиімді пайдалану, еңалдымен оларға техникалық күтім жасауды жақсарту, сөйтіп, тракторлармен атқарылатын жұмыстың түсер құнын кеміту жөнінде тиісті шаралар белгілеп, жүзеге асыруға тиіс еді. Бірақ, бұл болмай отыр. МТС-те жоғарыдағыдай төзгісіз кемшіліктерге қарсы батыл күрес жүргізілмей келеді. Тракторларға техникалық күтім жасауға ұқыпты қарамай, оның бөлшектерінің сынуына, жанар, жағар майдың бейберекет жұмсалудына жол берген адамдарға ешқандай шаралар қолданылмайды. Соның салдарынан мұндай кемшіліктер қайталану беріледі. МТС механигі Н. Лепехин жолдас өз жұмысына немқетті қарайды. Ол тракторларға техникалық күтімнің дұрыс жасалуына жеткілікті бақылау жасап отырмайды.

Трактор жұмыстарының түсер құнын кемітуге, материалдарды, жанар, жағар майын үнемдеп жұмсауға трактор бригадаларының бригадирлеріне зор міндеттер жүктеледі. Олар өздері басқаратын бригадаларда еңбек ұйымдастыру ісін жақсартып, әрбір механизатордың өз жұмысына ұқыпты қарап, материалдар мен жанар, жағар майларын үнемдеп жұмсауды талап етіп отырулары керек. Трактор қуатының толық пайдаланылып, олардың атқаратын жұмыстарының түсер құнының кемітілуі, материалдар мен майлардың ұқыпты жұмсалуды техникалық күтімді дұрыс жасауға байланысты. Сондықтан бригадаларда машиналарға техникалық күтім жасауды негізінен жақсарту қажет.

жарымға жуық киносеанстар көрсетті. Өрне, мұндай игі жұмыстар еңбекшілердің күн сайын өсіп отырған мәдени және рухани тілектеріне сай келетіні сөзсіз.

Алайда, бірқатар киноландыру бөлімдері күні бүгінге дейін еңбекшілерді киномен қамту жөнінде өздерінің алдына қойылған талаптарға және алған социалистік міндеттемелеріне сай жұмыс істемей келеді. Бұл пікірімізді жергілікті жерлерден редакцияға түскен тілші хаттары және облыстағы кино орындары жұмыстарының жайы толық дәлелдейді.

Ауыл шаруашылығының қызметкерлеріне кино көрсету ісін жолға қоя алмай келе жатқан киноландыру бөлімдерінің бірі—Ленин аудандық киноландыру бөлімі. Бұл ауданда жоспар бойынша әрбір колхозда ай сайын екі реттен киносеанстар өткізілуге тиіс. Солай бола тұрса да, осы ауданның «Булақ», «Орталық», Калинин атындағы колхоздарында үстіміздегі жылдың соңғы 3-4 айы ішінде бірде-бір кинофильм көрсетілген емес. Мұндай жағдай Преснов, Мамлют, Совет аудандарында да жиі кездеседі. Мәселен, Преснов ауданындағы Аманжолді атындағы колхоздың колхозшылары соңғы екі жылдың ішінде екі-ақ рет кинофильм көрген. Оның үстіне аудандық киноландыру бөлімі басшылары тіпті жылдың бір рет көрсетілген кинофильмнің сапалы көрсетілуіне де нақтылы бақылау жасамайды. Мұндай жағдайды кино қызметкерлерінің еңбекшілер талабына құлақ аспауы, өздерінің жұмыстарына жауапсыздықпен қарауы деп қана бағалауымыз керек.

Арнаулы киноустановкалары жоқ жерлердегі еңбекшілерді қамту үшін киноландыру бөлімдері жылжымалы кинолардың жұмысын жолға қоюлары керек. Рас, облысымыздың барлық аудандарында жылжымалы кинолар жұмыс істейді. Бірақ, олардың киноны көрсету сапасы мейлінше төмен. Олар арнаулы елді пункттерге тағайындалған мерзімде барып тұрмайды. Сонымен қатар, атап айта кету қажет, жергілікті партия, совет ұйымдары, колхоздардың басшылары жылжымалы кинолардың кезінде транспортпен қамтамасыз етілуіне көмектеспейді. Бұл арада ауыл-селолық кино ұйымдастырушылардың инициатива көрсетуге, жылжымалы киноның кезінде келіп тұруын ұйымдастыруға тиіс екенін ескерте кеткен жөн.

Бұдан былайғы жерде еңбекшілерді киномен қамту ісінде кездесіп отырған мұндай кемшіліктерге мүлде төзуге болмайды. Жергілікті партия, совет ұйымдары киноның еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі аса маңызды құралдардың бірі екендігін ерқашан есте сақтай отырып, жергілікті киноландыру бөлімдерінің жұмысын жақсартуға жетісулері керек. Сөйтіп, еңбекшілерді киномен қамту ісін оған сайын жақсарту беру қажет.

## Таңдаулы пьесалар мен халықтық әндерге арналған конкурстардың қорытындылары

Қазақ ССР Министрлер Советі советтік таңдаулы пьеса мен осы замандағы халықтық өнге арналған конкурстың төреші комиссиясының қарарын бекітті.

Он мың сом мөлшеріндегі үшінші дәрежелі сыйлықтар: көп актылы «Менің махаббатым» пьесасы үшін М. Иманжановқа, көп актылы «Арман етушілер» пьесасы үшін М. Гольдберг пен И. Фукоманға берілді. Бес мың сом мөлшеріндегі үшінші дәрежелі сыйлық бір актылы «Достар» пьесасы үшін О. Есқалиевқа берілді.

«Мичуриншілер жыры» өні үшін композитор С. Кәрімбаевқа және текстің авторы М. Өлімбаевқа жеті мың сом мөлшеріндегі екінші дәрежелі сыйлық берілді. Сол сияқты, «Ванюша—темір ұстасы» өні үшін композитор М. Иванов Сокольскийге және текстің авторы Ф. Карбишевке жеті мың сом мөлшеріндегі екінші дәрежелі сыйлық берілді.

Үш мың сом мөлшеріндегі үшінші дәрежелі сыйлық «Волга-Дон» өні үшін композитор А. Гуревичке және текстің авторы Д. Лукашенкоға, «Маржан қыз» өні үшін композитор А. Еспаевқа және текстің авторы С. Адамбековке берілді.

(ҚазТАГ).

## Партия ұйымдарында

### Совхоз коммунистерінің жыйналысы

Жақында Мамлют совхоз партия ұйымы коммунистерінің кезекті жыйналысы болып өтті. Онда партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептерде қорытынды сабақтар өткізуге әзірлік туралы мәселе талқыланды. Жыйналыс совхоз коммунистерінің саяси оқуын ұйымдастырудағы кейбір жақсы нәтижелерді атап көрсетті. Партия тарихын үйренетін үш негізгі және бір жоғары типті үйірмелердің бәрі де оқу программасын толық өтті. Суворова жолдас насихатшы болып істейтін үйірменің тыңдаушылары Афанасьева, Середя, Тукалов, Новиков жолдас партияның XIX съезінің материалдарын үйренуде терең білім алғандықтарын көрсетуде.

Сонымен қабат, коммунистер партия оқуын ұйымдастырудағы орын алған кемшіліктерге тоқталды. Насихатшы Клеев жолдас өзі жетекші болып істейтін үйірмеде тыңдаушылардың жалпы білімі әртүрлі екенін, мұның өзі үйірменің сабағын ұйымдастыруда белгілі қиыншылық туғызғанын айтты.

Партия жыйналысы қорытынды сабақтарды үлгілі өткізу жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

### Лекторлар семинары

26-28 май күндері ҚКП облыстық комитеті қалалық және аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс лекторларының үшкүндік семинарын өткізді.

Семинарға қатысушылар И. В. Сталиннің партияның XIX съезінде сөйлеген тарихи сөзі, оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты даңбылдық еңбегі туралы лекциялар тыңдады.

ҚКП Орталық Комитетінің лекторы Гапонов жолдас «Советтік қоғамды дамытудағы социалистік идеологияның ролі» және басқа тақырыптарда лекция оқыды. Облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Рымжанов жолдас партия комитеттерінің штаттан тыс лекторларының жұмысының жайы және лекциялық насихаттың міндеті туралы баяндама жасады.

### Тәжірибе ауысты

Петропавл темір жол бөлімшесінің кәсіпорындары партия ұйымдары секретарларының семинарында бөлімшенің саясаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас кәсіпорындарының шаруашылық басшыларының жұмысына партиялық бақылау жасау туралы баяндама жасады. Баяндамадан кейін Булаев станциясы партия ұйымының секретары Куренный, Пет-

## КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ

### Комсомол кадрларын іріктеп алу, тәрбиелеу мәселесіне жете көңіл бөліңіз

(ҚЛКЖО облыстық комитетінің пленумы)

26 майда ҚЛКЖО облыстық комитетінің кезекті III пленумы болып өтті. Пленум облыс комсомол ұйымдарында бастауыш комсомол ұйымдары секретарлары кадрларымен жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселе жөнінде ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Белетченко жолдасдың баяндамасын талқылады.

Баяндамашы облыс комсомол ұйымы өз жұмысында ҚЛКЖО VI съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, бірқатар табыстарға жеткені, әсіресе, көктемгі өгіс науқаны кезінде механизатор жастардың колхоздар мен совхоздарға көп көмек көрсетіп, ауыл шаруашылығының озаттары қатарына көптеп қосылғанын атап айтты.

Дегенмен, облыстық, қалалық, аудандық комитеттер кадрлармен жұмыс істеуге жете көңіл бөлмейді. Кейбір ауыл-саяси комсомол ұйымдарының секретарлары біліміне, қабілеттілігіне қарамай, тіпті колхоз өндірісіне қатысы жоқ адамдардан іріктеліп алынады. Олар өздерінің идеялық-саяси білімін көтермейді, комсомол жұмысына нақты басшылықты қамтамасыз ете алмай келеді. Ал, комсомол комитеттері бастауыш комсомол ұйымдарының секретарларының жұмыста тұрақтандырмай, оларды ауыстыра беруге жол береді. Соның салдарынан облыс бойынша өткен бір жылдың ішінде бастауыш комсомол ұйымдары секретарлары құрамының үштен бірі ауысты. Комсомол қатарының өсуі де соңғы кезде өте баяу. Осы жылдың өткен үш айы ішінде Октябрь аудандық комитеті колхозшы жастардан комсомол қатарына бірде-бір адам қабылдамады.

Облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері штаттан тыс нұсқаушыларды дұрыс пайдаланбайды, олармен ешқандай жұмыс жүргізбейді. Семинарлар мен кеңестерді өте аз өткізеді. Приешім аудандық комитеті соңғы 8 айдың ішінде небары бір-ақ семинар өткізді. Оған 25 секретардан 14-ақ адам қатысты.

Кейде комсомол ұйымының секретарлығына кездейсоқ адамдар ұсынылады. Мамлют ауданындағы «Зерновая фабрика» колхозында тұрмыста азғындалған, сенімді ақтамайтын Бубенов деген көп уақыт бойы колхоз комсомол комитетінің секретары болып істеген. Ал, Мамлют аудандық комсомол комитеті бұған ешқандай да шара қолданбай келді.

Пленумға қатысушылар баяндаманы талқылауға белсене қатысты.

ры секретарларының практикалық жұмысқа аз үйреттік. Сол себепті жаңа сайланған жас секретарлар өзбетімен басшылық жұмысын меңгеріп кете алмады. Алдағы уақытта бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды жасап, бастауыш комсомол ұйымының жұмысын жақсарту беруіміз керек.

Штаттан тыс нұсқаушылармен жүргізілген жұмыс туралы айта келіп, ҚЛКЖО қалалық комитетінің секретары Шәкіров жолдас қала комсомол ұйымының жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Ол Петропавл станциясының тораптық комитетінің секретары Бубликтің үш айдан бері цех комсомол ұйымдары секретарларының семинарын өткізбегені сынайды.

Мұнан кейін ол қалалық комитеттің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Маматова жолдас осы уақытқа дейін қаланың мыңдаған комсомолдері ішінен бөлім нұсқаушылығына бір адам іріктеліп алмай, өзінің қабілетсіздігін байқатып жүргенін айтты.

ҚЛКЖО Преснов аудандық комитетінің секретары Сунғатулина жолдас аудандық комитеттің кадрлармен жұмыс істеу жөнінде елеулі кемшіліктерге төзіп келгенін мойындады.

— Облыстық комитет, — деді ол, — аудандық комитет секретарларымен өткен екі жылдың ішінде бір рет семинар өткізді. Мұның өзі секретарларға ұйымдастыру жұмысында көп көмек көрсетті. Міне, осындай семинарлар жиі шақырылса, бізге өте көп пайда келтірген болар еді. Облыстық комитеттің кейбір қызметкерлері кейде бізге орынсыз ұсыныс жасайды. Мәселен, оның мектеп жөніндегі секретары Малахова жолдас маған мұғалімдік қызметтен арнаулы білімі жоқтығы себепті босатылған Шмановты мұғалімдік қызметке қайта орналастыруды тапсырды. Мұны басшылықтың дұрыс стилі деуге болмайды.

Бұлардан басқа жарыссөзде ҚЛКЖО Октябрь, Полудень, Мамлют, Ленин аудандық комитеттерінің секретарлары Азаматова, Криворучко, Филатов, Коваленко және басқа жолдас сөз сөйлеп, өз аудандарындағы комсомол кадрлармен жұмыстың жайына талдау жасады. Облыстық комитеттің бұл мәселемен үнемі шұғылдануын, жергілікті ұйымдардың жұмысына қажетті көмек көрсетуін талап етті.

Жарыссөзде барлығы 13 адам сөз сөйледі.

## Облыс мектептерінде

### ★ Емтихан күндегі іде

Ұлан-байтақ еліміздің барлық мектептері сыяқты қала мектептері де көзір кластан класқа көшіру, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат алу емтихандарын ойдағыдай, жақсы нәтижелермен өткізуде. Алғашқы сын мен емтиханның қорытындылары олардың үстіндегі оқу жылын табысты аяқтап, жақсы көрсеткіштерге не болатынын көрсетті.

Оқушылар жыл бойғы алған біліміне қорытынды жасауда. Олар бір класты бітіріп, жоғары кластарға көшеді, ал, X класс оқушылары көмелеттік аттестат алып, жоғары оқу орындарына оқуға барады.

Үстіміздегі жылы 239 оқушы көмелеттік аттестатқа емтихан тапсырып, орта мектепті бітіргелі отыр. Ал, VII класстарда 1159 оқушы мемлекеттік емтихан тапсыруда. IV-класстардың 983 оқушысы өз өмірінде тұңғыш рет мемлекеттік емтихан тапсыруда.

Қаладағы № 4 бастауыш мектепте орыс тілінен ауызша және жазбаша болған емтиханда 112 оқушыдан тек алты оқушы ғана «үштік» баға алды. Қалған 106 оқушы «4» пен «5» деген бағаларға тапсырды. Сол сыяқты, жеті-жылдық мектептер мен басқа қала мектептерінің оқушылары да жақсы емтиханды жақсы бағалармен тапсыруда.

### Жақсы нәтиже

Булаев онжылдық мектебінің оқушылары кластан-класқа көшу, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат емтихандарын тапсыру күндерінде әр емтихан сайын жақсы нәтижелерге не болуда. X класстағы 42 оқушыдан 33 оқушы жазбаша болған емтихан жұмысын «4» пен «5» деген бағаларға тапсырды. Сол сыяқты, VII класстағы 193 оқушының 97-і орыс тілінен ауызша болған емтиханда жақсы, өте жақсы деген бағалар алды. Мектептің басқа кластарының оқушылары да жақсы сын мен емтиханды ойдағыдай тапсыруда.

Мектепте әр пәннен сын, не емтихан болардың алдында мұғалімдер консультация жүргізіп тұрады. Физика, математика сабақтарында алдын ала лабораториялық жұмыстар жүргізіп, тәжірибелер жасалады. Мұның барлығы емтиханды нәтижелі өткізуге зор әсерін тигізуде.

### Бірде-бір екіліксіз

Октябрь ауданындағы Чапаев жетіжылдық мектебінде жазғы сын мен емтихан қызу жүргізіліп жатыр. Мұнда быйыл мектеп бітіретін VII-класс оқушылары қазақ тілінен жазбаша емтихан тапсырды. Емтиханға қатысқан 20 оқушы түгелдей «Мен ұша аламын»

## ССРО Одағының Ішкі істер министрлігінің ХАБАРЫ

Осы жылғы 26 апрельге қараған түнде ССРО Ішкі істер министрлігі, қай елдікі екені белгісіз шетелдік бір самолеттің совет шекарасын бұзып, Украин ССР территориясына енгені туралы мәлімет алды. Бұл самолеттен парашотшілер—шетелдік разведканың агенттері түсірілгені анықталды.

ССРО Ішкі істер министрлігі қолданған шаралардың нәтижесінде, 27 апрельде екі парашотші табылып, тұтқынға алынды. Олар өздерін: Васильченко Василий Васильевич және Матковский Леонид Николаевич деп атады.

Ұсталған парашотшілер өздерінің диверсанттар екенін және американың разведкасы оларды диверсиялық, террористік және шпиондық тапсырмалармен шекараның ар жағынан ССРО-ға өткізгенін мойындады. Диверсанттар осы жылғы 26 апрельге қараған түнде өздерінің, танымал белгілері жоқ төрт моторлы американың самолетінен парашоттермен Украин ССР территориясына түсірілгенін айтты.

Жауап алудың барысында диверсанттар Васильченко мен Матковский өздерінің американың разведкасы берген жалған фамилиялармен жүргенін, шынында олар: «Васильченко»—Лажно Александр Васильевич, шпиондық аты «Алек», «Матковский» —Маков Александр Николаевич, шпиондық аты «Пит» екенін мойындады.

Лажно мен Маков өздерімен бірге сол самолеттен басқа да екі диверсант — американың разведкасының «ДЖОН» және «ДИК» деген атпен жүретін агенттері түсірілгенін айтты.

ССРО Ішкі істер министрлігінің қолданған шаралары арқасында диверсанттар «ДЖОН» мен «ДИК» те сол күні табылып, ұсталды. «ДЖОН»—Горбунов Сергей Изосимович, ал, «ДИК»—Ремига Дмитрий Николаевич болып шықты.

Парашотшілерді ұстағанда олардан: ату қаруы, ұлар (цанды калій), американың өндірісінен шыққан 4 қысқа толқынды радиостанция, самолеттерді бағдарлауға керекті радиомаятар, құпия жазу құралдары, советтік жалған документтерді әзірлейтін аспаптар, ірі сомағы совет валютасы, шетелдік алтын ақшалар, совет еліне қарсы мазмұнды листовкалардың тексті түсірілген клишелер табылды.

Диверсанттар түскен орындарда ашық парашоттер табылды. Тұтқынға алынған диверсанттардың ісі бойынша тергеу жүргізгенде мыналар анықталды: Ұлы Отан соғысы жылдарында-ақ Лажно, Маков және Горбунов неміс-фашист оккупанттарының белсенді көмекшілері болған. Фашистік басқыншыларға қарсы патриоттық жұмыс жүргізген совет адамдарына опасыздық жасаған және партизандарға қарсы немістердің жазалаушы отрядтарының қыймылдарына қатысқан. Мәселен, тұтқынға алынған Лажно 5 совет патриотын көрсеткен, бұларды гестапошылар атып өлтірген; диверсант Маков «Қара теңіз» жазалау батальоны құрамында, неміс-фашист басқыншылардың совет патриоттарына айуандық және зорлық-зомбылық жасауына талай рет қатысқан.

Гитлерлік Германия жеңілгеннен кейін

американдардың шпиондық мақсатқа пайдалануға арналған арнаулы конструкториялы радио станцияларында жұмыс істеу де үйретілген.

Тергеудің барысында, американдардың Бад Виссеедегі диверсиялық-террорлық мектебінде бұларға—тұтқынға алынған парашотшілерге диверсия және террор әдістерін үйреткен «оқытушылардың» бірі американың разведкасының капитаны Голледей болғаны анықталды.

Диверсанттар Лажноның, Маковтың, Горбуновтың және Ремиганың айтуынша, американдардың Бад Виссеедегі шпиондық-диверсиялық мектебі — Батыс Германиядағы бірден-бір мұндай «оқу орны» ғана емес. Мұндай «мектептер» Мюнхенде, Майндегі Франкфурте Кауфбейренде және Бад Верисгофенде де бар. Бұл «мектептердің» бәрінде американың разведкасы шпиондарды, диверсанттарды және кісі өлтірушілерді, Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне жіберу үшін астыртын даярлайды.

Кауфбейрендегі (Бавария), мұндай «мектептердің» бірінің басшысы болып «ПЕППЕР ДЖИМ» деген жалған атпен американың разведкашы майор Болленбах Рональд Отто қызмет етеді. Ол 1946—1947 жылдарда АҚШ-тың Москвадағы соғыс-әуе және соғыс-теңіз атташесінің көмекшісі қызметінде болды.

Диверсанттар Лажноның, Маковтың, Горбуновтың және Ремиганың айтуынша, Бад Виссеедегі оқу курсы бітіргеннен кейін американың разведкашы оларды жалған советтік паспорттармен, жалған әскери билеттермен, қарулармен, ұлармен, радиостанциялармен, шифрлармен, компастармен және басқа заттармен жабдықтаған. Осы жылғы 23 апрельде жоғарыда аталған американың разведкасының қызметкері капитан Голледей өтіп, олардың бәрі американың соғыс самолетімен Мюнхеннен Грецияға —Афины аэродромына әкелінген.

Афины аэродромында диверсанттарды американың разведкасының майоры Фидлер Гарольд Ирвинг қарсы алған, ол 1951 жылы АҚШ Мемлекеттік департаментінің дипломатиялық курьері қызметін бетке ұстап, Совет Одағына 3 рет келген.

25 апрельдің кешінде диверсанттар парашоттермен жабдықталған, Фидлер оларды жоғарыда айтылған, танымал белгілері жоқ төрт моторлы американың самолетіне отырғызған. Бұл самолет оларды Совет Одағының территориясындағы түсірілетін орынға әкелген.

Тұтқынға алынған диверсанттардың жауабында көрсеткеніндей, американың разведкасы оларға Киев пен Одессаға өтуге, еңалдымен, қандай жолмен болса да, тіпті совет адамдарын өлтіруге дейін барып, түп нұсқалы совет документтерін алуды, өздеріне американың разведкасы жасап берген жалған документтер орына осы шын документтерді пайдаланып, бұл документтер бойынша жоғарыда аталған қалаларға орналасуды, Совет Одағының территориясында террор және диверсия әрекеттерін нақтылы жүргізуі жайында американың разведкасынан оған әрі нұсқау алу үшін, өздеріне берілген радиостанциялар арқылы американдардың Батыс Германиядағы барлық радио

секретары Максимов және басқа жолдастар.—барлығы 7 адам сөз сөйлеп, кәсіпорны жұмысына партиялық бақылау жасау жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды. Семинардың соңында партия ұйымдарының секретарьлары үшін халықаралық жағдай туралы лекция оқылды.

### Қорытынды сабақтар

Димитров атындағы колхоз (Петропавл ауданы) партия ұйымының коммунистері бйыл партия тарихын үйренетін негізгі тиісті үйірмеде оқыды. Үйірменің оқу программасы толық өтілді. Жақында үйірмеде қорытынды сабақтар болып өтті. Тыңдаушылар А. Швелев, М. Варзаева, Е. Инютина, В. Павлов жолдастар оқу программасын, әсіресе, партияның XIX съезінің материалдарын терең үйренгендіктерін байқатты. Қорытынды сабақ насихатшы Нагорнов жолдастың «Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет халқының басшы және бағыт беруші күші» деген тақырыптағы әңгімесімен аяқталды.

## Аса көрнекті пролетарлық революционер

(Н. Э. Бауманның туғанына 80 жыл толуына)

Жұмысшы табының ісі жолындағы тамаша күрескерлердің, патша өкметінің ауыр жағдайларында Ленин мен Сталиннің басшылығымен жаңа тұрпаттағы партия ұйымдастырған профессионал революционерлердің қатарынан Николай Эрнестович Бауман аса құрметті орын алады. Николай Эрнестович Бауман 1873 жылғы 29 майда, бұрынғы Казан губерниясындағы Поранский завод селенінде туған. Казанның мәдәрігерлік институтының студенті болған кезінің өзінде-ақ Бауман революциялық маркстік үйірмелермен байланыс жасап, жұмысшылар арасында революциялық насихат жүргізеді.

Институтты бітіргеннен кейін 22 жастағы Бауман Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағының» белсенді насихатшысы болып, В. И. Ленин және оның тобы тұтқынға алынғаннан кейін «күрес Одағында» құрылған «жастардың» оппортунистік тобына қарсы идеялық күрес жүргізді.

Бауманның белсенді революциялық жұмысына Петербургтің охранкасы назарын аударды. Ол 1897 жылдың мартында тұтқынға алынып, Петропавл қамалының қараңғы қапасына қамалды да, осында екі жыл бойы дерлік жеке қамауда болып, содан кейін Вятск губерниясындағы Орлов қаласына төрт жылға жер аударылды.

Бауман айдауда болған уақытын өзі-өзінен саяси білім алуға пайдаланды. Ол

Пленумда қан болыстық комитетінің секретары Еременко жолдас бірқатар бастауыш комсомол ұйымдарында сын мен өзара сынның дәрежесі төмен екенін, мұның өзі комсомол кадрларымен жұмыстағы кемшіліктердің бетін ашуға бөгет жасап отырғанын айтты. Өткен жылдан бері аудан бойынша 21 комсомол ұйымының секретары ауысты. Біз комсомол ұйымда

Қаладағы музыка мектебі 1945 жылдан бері жас өспірімдерді музыка өнерін меңгеруге тәрбиелеуде. Мектеп оқушылары классикалық музыка, совет композиторларының шығармаларын, қазақтың ән-күйлерін үйренуде.

Музыка мектебін бітірген көптеген оқушылар кәсіп мектепте алған өз мамандығы бойынша жұмыс істеуде. Солардың ішінен Кулик Бушкова, Шевченко, Гвоздев және басқа оқушылар республикадағы жоғары және орта дәрежелі музыка мектептеріне оқуға түсті.

Кәзір музыка мектебінде 170-тен

Пленумда қан болыстық комитетінің партия, кәсіподақ, комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі Попов жолдас сөз сөйлеп, комсомол ұйымдарының комсомол кадрларына саяси тәрбие беру, олардың қырағылығын күшейту жөніндегі міндеттеріне тоқталды.

Пленум талқыланған мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

## Музыка мектебінде

астам балалар өздері сүйген кластарында оқын жүр. Оқу барысында фортепьяно класында оқыйтын Усаневич, Досяева, Нурланова және скрипка класындағы Пантелеева және басқалары музыка өнерін ойдағыдай меңгеруде.

Өткен оқу жылында бұл мектепте қазақ домбырасы класы ашылған. Бұл класта оқыйтын оқушылар да сабақты жақсы үлгеріп, қазақтың халықтық ән-күйлерін ойдағыдай орындауға жетісті.

М. БАЙҚАНОВ.

деген тақырыптағы мазмұндаманы бірде-бір екіліксіз жазып шықты. Оқушылар Ш. Кәрішәлова, К. Шәріпов, Қ. Құрманғалиева, Ш. Мырзаханов және басқалары «4» пен «5»-ке жазып берді.

Сол сыяқты, мектептің басқа кластарының оқушылары да жақсы нәтижелерге ие болды.

Кәзір мектепте кезекті пәндерден болатын емтихандар мен сын-дарға күнделікті дайындықтар жүргізіліп жатыр.

### Сапалы білім алғандықтарын көрсетуде

Совет ауданының мектептерінде емтихан ұйымшылдықпен өтуде. Смирнов орта мектебінде қазақ онышы класының оқушылары емтиханда жақсы нәтижелерге ие болып отыр. Кәмелеттік аттестат алу үшін емтиханға түгел жіберілген 13 оқушының үшеуі қазақ әдебиетінен шығарма жазғанда «5» деген, 5 оқушы «4» деген баға алды.

Молотов жетіжылдық мектебін оқушылары да емтиханның барысында өздерінің сапалы білім алғандықтарын көрсетуде.

барды. Киевтен қайтқан сапарында Николай Эрнестович тұтқынға алынып, Киев түрмесіне қамалды, бұл түрмеде әртүрлі қалаларда тұтқынға алынып, Киевке әкелінген «Искраның» басқа да агенттері болған еді. Киевте профессионал революционерлер тобына әзірленіп жатқан үлкен сот процесі тұтқынға алынған барлық он бір искрашылардың, соның ішінде Н. Э. Бауманның түрмеден батыл қашып кетуі нәтижесінде сәтсіздікке ұшырады. Осы түрмеден қашудың ауыр ісінің басты ұйымдастырушысы Н. Э. Бауман болды.

1902 жылғы сентябрьдің бас кезінде Николай Эрнестович түрмеден қашып шыққан барлық искрашылармен бірге шетелге барды, бұл кезде партияның II съезіне әзірлік жасалып жатқан еді. Бауман съездің жұмысына Москва партия ұйымының мандаты бойынша қатысып, Лениннің позицияларын қызу қорғаушылардың бірі болды.

1903 жылдың аяғында Н. Э. Бауман тағы да Москваға келді. В. И. Лениннің тапсыруы бойынша ол жасырын баспахана ұйымдастырып, партияның III съезіне шақыруды әзірлеу жөнінде өрасан зор жұмыс жүргізді.

1904 жылдың июльде патша охранкасы Николай Эрнестовичті үшінші рет тұтқынға алды. Тек 1905 жылғы октябрьде ғана, бірінші орыс революциясының барған сайын күшті өршіген от-жалыны елді қамтыған кезде ол сотқа дейін кенілік беріліп, түрмеден босатылды.

1905 жылғы 31 октябрьде Москва большевиктерінің шақыруы бойынша жү-

мысшылар саяси тұтқындарды босаттыру үшін ұйымдасқан түрде Таган түрмесіне барды. Бауман осы жұмысшы демонстрациясына басшылық еткен Москва партия ұйымы басшыларының қатарында болды. Демонстрация кезінде охранканың агенті, каражүзділер Бауманды атып өлтірді.

Бауманның өлтірілуі Москваның және басқа қалалардың жұмысшы бұқарасын ызаландырып, кекті ашу тудырды. Н. Э. Бауманды жерлеу Москва пролетариатының орасан күшті демонстрациясына айналды. 1905 жылғы 2 ноябрьде Москваның ойдаған мың жұмысшылары өзінің сүйікті көсемі және ұйымдастырушысы Николай Эрнестович Бауманды ақырғы сапарға шығарып салу үшін көшеге шықты.

Большевиктік «Пролетарий» газетінде 1905 жылғы 7 ноябрьде В. И. Лениннің Бауман туралы мақаласы басылды. Ленин былай деп жазды: «Россиялық социал-демократиялық пролетариаттың қатарында болған күрескердің даңқы мәңгі өшпесін! Жеңісті революцияның бірінші күндерінде қаза тапқан революционердің даңқы мәңгі өшпесін! Көтеріліске шыққан халықтың оның қабірінің басында көрсеткен құрметі көтерілістің толық жеңіп шығуына және оңбаған патша өкметін толық жоюға кепіл болсын!» (Шығармалар, 9 том, қазақ тілінде 453-454 беттері).

Еңбекшілердің бақыты жолындағы күреске жұмсалған Н. Э. Бауманның тамаша өмірі барлық совет адамдары үшін өнеге болып қызмет етуде.

Ляхно, Маков, Горбунов және Ремига Батыс Германияға қашқан, бұлар мұнда жаңа қожайындар мен қамқорларды, американдардың барлау органдарын оңай тапқан.

Отанға опасыздық еткен, сол кездің өзінде сұрқылық опасыздық жұмыстың тәжірибесін алған Ляхноны, Маковты, Горбуновты және Ремиганы америка разведкасы өзінің қызметіне алып, америка разведкасының Бавариядағы, Мюнхен маңындағы Бад Виссее деген жердегі арнаулы шпиондық-диверсанттық мектебіне жіберген.

Опасыздар Ляхно, Маков, Горбунов және Ремига олардың алдында «БИЛЛ», «БОБ», «КАПИТАН», «ВЛАДИМИР» деген атпен жүрген америка разведкасы офицерлерінің басшылығымен Совет Одағының территориясында террорлық, диверсия, шпиондық әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру әдістерін үйренудің, соғыс қаруын атуды және бұлдіру әрекетін жүргізуге үйренудің толық курсы өткен. Сол сыяқты, олар

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 27 май. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясы Бас командованиесінің бүгінгі берген хабарында, өткен күні Халық армиясы мен қытай халық ерік-тілерінің бөлімдері дұшпанға қарсы ар-

орталығымен шифрлы байланыс жасауды тапсырған.

ССР Одағының Ішкі істер министрлігі диверсанттар А. В. Ляхноның, А. Н. Маковтың, С. И. Горбуновтың және Д. Н. Ремиганың ісі бойынша тергеуді аяқтады, бұл көрсетілген адамдардың ісі ССРО Жоғарғы сотының Соғыс Коллегиясының қарауына тапсырылды.

ССРО Жоғарғы сотының Соғыс Коллегиясы жақын арада Александр Васильевич Ляхноның, Александр Николаевич Маковтың, Сергей Изосимович Горбуновтың және Дмитрий Николаевич Ремиганың ісін қарап, олардың совет мемлекетіне қарсы істеген қылмыстарының ауырлығын ескеріп, «Отанға опасыздық еткендерге, шпиондарға, бүлдіргіштерге—диверсанттарға өлім жазасын қолдану туралы» ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 12 январьдағы Указы негізінде, оларды жазаның ең жоғарғы шарасы—ату жазасына кесті.

Үкім орындалды.

### „Ленин туының“ дабылынан кейін

## „Газет, журналдарымызды ала алмай отырмыз“

Газетіміздің осы жылғы 22 майдағы санында осы тақырыпта редакцияға хат жарияланған болатын.

Преснов аудандық байланыс мекемесі хабарда көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын, Благоевченск

байланыс бөлімшесі қамтыйтын колхоздарда газет, журналдарды жазылушыларға мезгілінде тапсыру үшін тиісті шаралар белгіленгендігін хабарлады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖӨРМЕНКЕДЕГІ ОҚИЙҒА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АДМИРАЛ УШАКОВ»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.

## 1953 жылдың екінші жартысына облыстық „Ленин туы“ және „Ленинское знамя“ газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газетшілерге Байланыс министрлігінің барлық конпорларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.